

# OZEN

“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ  
№6 (88) 2023 ЖЫЛ



**БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА!**



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

**МЕНШІК ИЕСІ:**

«Өзенмұнайгаз» АҚ  
№6 (88) 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және  
коммуникация министрлігінде  
есепке алынып, №16077-Г куәлігі  
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК  
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

**БАС РЕДАКТОР:**

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

**ШОЛУШЫ:**

Арғын БИСЕНОВ

**ТІЛШІЛЕР:**

Жазира АҚБЕРГЕН  
Айман МАДРЕЙМОВА  
Талғат САТЫБАЛДЫ

**РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:**

ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен  
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,  
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.  
Журнал материалдарын  
көшіріп басуға редакция  
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС  
баспаханасында басылды

## БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

### FACEBOOK



### TELEGRAM



### INSTAGRAM



### TIKTOK



# БАЛА – ӨМІРДІҢ СӘНІ, ОТБАСЫНЫҢ ШАТТЫҒЫ!

Қуаныш пен шаттыққа толы жаз мезгілінде балалар демалысын қамдап, есте қалатындай ерекше өткізу үшін Қоғам бар жағдайды жасап келеді. Жылдағы дәстүр бойынша қызметкерлердің 9 бен 13 жасты қоса алғандағы балаларына еліміздің ең үздік деген лагерьлеріне тегін жолдама беріп, пайдалы әрі танымды демалыс ұйымдастыру үшін барын салады.





Биылғы жылы 5 маусымда мұнайшы балаларының алғашқы легі, нақтырақ айтсақ, 210 бала Астанадағы «Айналайын», 210 бала Алматыдағы «Айналайын» лагеріне жолға шықты.



– Компания бала қауіпсіздігін, саулығын басты орынға қояды. Сол үшін қаладан жиналған балалар автобусқа отырғызылып, аэропортқа дейін әлеуметтік саясатты жүргізуші мамандар және жолпатрульдік полициясының жеткізіледі. Сонымен қатар әр лекке таңдалған 3 қызметкер жетекшілік етеді. Бүгінде балапандар аман-сау жетті, – дейді ӘСЖӘҚД аға маманы Гүлзия Тайжанова.



Балалар 14 күн демалып, серуендеп, жаңа достар тауып, мәдени жерлерді аралап, үйірме, жарыстарға қатысып, шығармашылық қабілетін ашып, рухани байып қайтатын болады.

Ең бастысы аман болып, демалысты қызықты да пайдалы өткізсін деп тілейміз!















# «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» ЖАСТАРЫ:



# «БАБАЛАР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН...» ЭКСПЕДИЦИЯСЫНА ҚАТЫСҚАН ЖАС МҰНАЙ- ШЫЛАР ТУҒАН ЖЕРДІҢ ӘР ТҮЙІР ТОПЫ- РАҒЫНАН ҚАСИЕТ ІЗДЕП, ӘР ТАЛ ШӨБІНЕ ҮҢІЛЕ БІЛДІ.





**Жылдағы қалыптасқан үрдіс бойынша өзенмұнайгаздық жастарға арнап Маңғыстаудың тарихи орындарына танымдық экспедиция ұйымдастырылды.**

**«Бабалар жүрген ізбенен» атты экспедиция мақсаты – жас мұнайшыларды өлке тарихымен, табиғаты ерекше тарихи орындармен таныстыру.**





– Шараға компанияға қарасты 16 басқармадан алпысқа жуық жас маман қатысты. Шерқала, Айрақты, Ақмыш, Қызылқала, «Көгез» этноауылда болдық. Өлкетанушы Құралай Ізімбергенова әр нысан бойынша танымдық мәлімет беріп, тарихты танып білуге зор үлесін қосты, – деді Жұртшылық және мемлекеттік органдармен байланыс бөлімінің маманы Айман Мадреймова.



Саяхат барысында компания баспасөз хатшысы Арғын Бисенов рухани әңгіме қозғап, жастарға Қалнияздың жырын орындады. Ата-бабаларымыздың ерлік ісіне тоқталып, «Кейінгі ұрпақ үшін, қазақ жазирасының о шеті мен бұ шетін шаң қаптырып, елі мен жерін қорғаған. Біз осы ұлан-байтақ жерді игеріп, адал еңбек етуіміз керек. Балалық пен шалалықты артта қалдырып, нәтижеге жеткізетін іс пен амалға ұмтылыңдар», – деген тілегін жеткізді.









WWW.OZEN.KZ

# ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР



Өзен  
АКЦИОНЕРЛІК ҚО

ЕҢБЕКТЕРІҢІЗ

# ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ!

«ӨзенмұнайГаз»  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

РАХМЕТ!





Өзен және Қарамандыбас кен орындарының дамуына, өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан майталман мұнайшыларға арнап «Атамекен» мейрамханасында ақ дастархан жайылды.

Саналы ғұмырын мұнай саласына арнаған қадірлі жандарды әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директор Бауыржан Жұбаназаров құттықтады. Алдымен шара Құрбан айт мерекесіне туралап ұйымдастырылғанын айтып, «Ниет қабыл болсын!» деген тілегін жеткізді.



– Түбек мұнайын игеріп, ел экономикасын дамытуға қосқан өлшеусіз еңбегіңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердей атпал азаматтардың арқасында «қара алтын» бүгінде қазақ халқының ортақ ырыс-несібесіне, ел экономикасы локомотивіне айналды. Келер ұрпаққа берер тәлім-тәрбиеңіз алдағы уақытта да жалғасын табады деген сенімдемін, – деді Бауыржан Байғабылұлы.





Биылғы жылдың алты айында құрметті еңбек демалысына шыққан 65 зейнеткерге компания бас директоры Нұрдәулет Қилыбай атынан Алғыс хат пен 75 мың теңге тұратын тұрмыстық техника сатып алуға сертификат табысталды.

Шарада жергілікті өнерпаздар және «Арна» тобы ән мен күйден шашу шашты.



# ЕҢБЕКТЕРІҢІЗГЕ РАХМЕТ!

№6 2023






## “ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ МАУСЫМ АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ

### МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 444 766

НАҚТЫ 415 710

АУЫТҚУ -29 056



### ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 327

НАҚТЫ 352


АУЫТҚУ 25

### МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 443 881

НАҚТЫ 415 103

АУЫТҚУ -28 788



# СЕМІЗДІК – ДЕНСАУЛЫҚ ЖАУЫ

Біз сөз еткелі отырған семіздіктің рахатын көрген адам тарихта болмаған. Швеция ғалымдарының айтуынша, шектен тыс салмаққа ие болу адамның есте сақтау қабілетін төмендетіп, оны ақымақ ете бастайтын көрінеді. Қазіргі таңда әлем бойынша мидың қартаюуына алып келетін семіздіктің үлкен проблемаға айналғаны кім-кімге де жасырын емес.

– Буын аурулары да семіздіктің салдарынан орын алады. Тамырға обал-ақ. Жап-жас жігіттердің қарыны шығып, домаланып жатқандары да аз емес. Сымбатты болу үшін: жаяу жүру, таңертең жүгіру, үзбей жаттығу жасау керек. Қаптап кеткен шетелдік тағамдардан бас тарт. Ең бастысы, денсаулығың өз қолыңда екенін ұмытпа! – деп дабыл қағып жатыр мамандар.

Семіздік балаларымызға да ауыз сала бастады. Бала неге семіз: баланы өбектеп, алдына тәтті-жұмсақты үйіп қоямыз. Қозғалыс аз. Балалар далада асыр салып ойнамайды. Күнұзағына ұялы телефон мен компьютерге жіпсіз байланып отырады. Қолда чипсы. Аяйсың.

Семіздікке тұқымқуалаушылық пен түрлі аурулардың да өзіндік әсері бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Әлем халқы көбейіп, тамақ өндірісін дамытқан сайын адам атаулы ауруын астан табатын пәлеге душар болды. Қазақтың «ауру астан» дегені дәл келіп тұр. Адамды қомағайлықтан тоқтату да – проблемаға айналып отыр. Артығымен желінетін адал астың өзі асқазанға ауыр салмақ. Бұқара халық бүгінде жөн-жосықсыз тамақ жейтін жаман әдетке тап болды.

Артық салмақ жүрек пен тыныс алу мүшесіне ауыр жүк.

Тамырдың соғуы мен қан қысымының көтерілуі қауіпті шекке дейін көтеріліп, зардап шектіреді. Өз қарынының құлына айналған адамдар семіздіктің - денсаулықтың жауы екенін ұмытып кетті.


Статистика Америкада жарты миллион халық семіздіктен зардап шегетінін, миллиондаған адамның қомағайлықтан өліп жатқанын алға тартады.

Бүгінде артық салмақтан арылу үшін әлем болып күресіп жатыр. Бұл күрестен біз де тыс қалмайық!



# Қиянат

МҰНАЙШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ  
Бибігүл БӨБЕКБАЙ



Н қаласындағы өңкей дарындылар оқитын мектептің 10 «ә» сыныбынан мұғалімдер тілімен айтқанда «чп» шықты. Бүгін-ертең пенсіге кетейін деп отырған Айжамал сабақта әлдекімнің «сүйем, күйем» деген ғашықтық хатын тауып алды. Сол күні класс оқушыларын түгел алып қалып, тергеу жүргізді. Одан нәтиже шыққан жоқ. Сен тимесең, мен тимен, бадырақ көз. Ештеңе естіген жоқпын, ештеңе көрген жоқпын.

Айжамал хатты алып, мектеп директорына кірді. Хабар бүкіл мектепке, қала берді қалаға жайылды. Бір аптаның ішінде хатты Жексеннің Зиядаға жазғаны белгілі болды. Айжамал қылмыскер ұстағандай желпініп, екі танауы делдиіп жүрді.

Жұма күні Жексен мен Зияданың мәселесі сабақтан соң педкеңесте талқыланды. Өзін маңызды кресло иесі санайтын, оқтау жұтқандай тіп-тік кекірейген, киімінен бір қылау табылмайтын кірпияз директордың еш қымсынбастан өзіне күстаналай сыздана қарағаны жүрегі жұқа бойжеткеннің арқасына аяздай батты.

Айжамал әй бір көсілді дерсің. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп әр заттың басын бір шалды. Зиядаға әшейінде сабырлы көрінетін әкесі мазасызданып кеткендей көрінді. Қозғалақтап, жеткірініп қалды.

Үнемі жақ жүні үрпиіп шаршап жүретін, дене шынықтыру пәні мұғалімі Сартайдың есіней-есіней жағы ауырып кетті. Оның асханада «биліктегілерді жемқор деп бекер кінәлаймыз. Билікте отырсам мен де байлықты басып-басып қалатын мүмкіндікті жібермес едім. Қазір дені сау адам жегенінше жеп, жемегенін тістеп кететін заман. Мынау не өмір, митың-митың, айлығың шайлығыңа жетпейді» дегенін естіген Зияда жақтырмай қалған болатын.

Қолына түскен затты жіберіп ұратын химия пәнінің мұғалімі үнсіз. Немқұрайды отырысы пұл болмаса, күл болсын дегенді айтпай-ақ сездіріп тұр. Жаңа көргендей ұқыпты алынған тырнақтарына қарап қалыпты.

Диктант жазған сайын «шылау, жалғау, жұрнақ дегенді қақпайсыңдар. Ерсілі-қарсылы белден таптап өтесіңдер. Мұндайды мына көзім көргенше, неге шығып кетпейді екен» деп айғайлайтын апайы моп-момақан бола қалыпты. Қарыны ашып, қалжыраған адамның мылжың, бос сөзге құлқы жоқ сияқты. Бояу жағылмаған еріні де бозарып кетіпті.

Есесіне информатика пәнінің мұғалімі эмоцияға беріліп біраз зат айтты. Көрші қалада оқушы қыздың кішкентайлы болып, үйінде отырғанын айтқанда отырғандар селк ете қалды.

Астанада келген ағылшын пәні мұғалімі Айнұр «біздің ешкімнің жеке басына, жеке өміріне қол сұғуға қақымыз жоқ. Бұл мәдениет пен этикетке қайшы. Жексен бен Зияданың бір-бірін сүйгенінде тұрған не бар, неге байбалам салып отырмыз, неге табылған хатты жария етіп отырмыз, оларды педкеңеске салып, намысына тигеніміз дұрыс па?» деп шырылдап араша түсіп еді, оны жан-жақтан талап, осырған сиырдай етті.

«Одан да байға тиіп ал, әйтпесе қартайып қаласың» деп былш еткізген Сартай тауып айттым дегендей екі қолын ысқылап, мез болып қалды.

Зиядаға кабинеттегі бала тәрбиелейтін мұғалімдер емес, ит таластырып ойнайтын сотқар, содыр балалар сияқты көрініп кетті. Басы әңкі-тәңкі болған қыздың көңіліне жарық сәуле түсірген сезімнің түте-түтесін шығарған дерекі адамдардан алысқа кеткісі келді. Қалған көңіл мен ауырған жан шымдар емес.

Долданып алған анасының Жексенге айтпағаны жоқ. Басы салбырап, намыстан қызараңдаған жігітке қарап тұрып, жүрегі қан жылады. Тамағына өксік тығылды. Әрі қарайғының бәрі тұман. Әкесінің мәшинесімен үйге келгенін біледі.

Жиналыста ішінен тынған шешесі аттың басын жіберді.

– Бесіктен белің шықпай жатып, махабатты аңсап, иығына бас сүйейтін еркек іздеп жүр екенсің. Осылар бақытты болсыншы деп құдайдың құтты күні амалсыз

сүйретіліп жұмысқа барасың. Әкең жүр күн астында тері шүмектеп жұмыс істеп... Аузымыздан жырып, тамақтың дәмдісін, киімнің жақсысын тауып беріп отырмыз. Сондағы бізге айтқан алғысың осы ма?! Жайыңа қарап жүрмей, досқа күлкі дұшпанға таба қылдың. Енді сен туралы өсек бораптын болды. Ермек таба алмай ерігіп отырған қатындар бір жерін ашып әбден күлетін болды-ау... Айтатыны жоқ бәрімізді қарабет еттің. Ол үшін саған басым жерге тигенше тағзым етіп, рахмет айтамын, – деді кекетіп.

Сосын Зиядаға жеркене қарап, «араларыңда бірдеңе болды ма» деді ызғарлы үнмен.

– Былай, ертең таңертең менің таныс гинекологыма барамыз. Сенің қыз, қыз емес екеніңді анықтаймыз!

Зияданың үстінен біреу суық су құйып жібергендей, жып-жылы үйде тұрып, қалтырап кетті. Түсінуді емес, сөгуді ғана білетін қатыгез қоғамнан түңілген қыз түнде адам өлтіретін мөлшерде ұйықтатын дәрі ішіп, үстінен жүк түскендей терең күрсінді де, аруақтар әлеміне аттанып кете барды...

Тағы бір жаңа күн басталды. Қала оянып, қыбырлай бастады. «Жүрегім менің молодой, Достарым менің золотой, Бауырларым бар дорогой, Пах шіркін ғажап ғой!» деген «классика» әннің ырғағымен пысықай таксиші ертемен тиын-тегеш табу үшін аэропортқа қарай зулап бара жатты.





### Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға аман-дық, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыңыз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Кәсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізбен біз мақтан етеміз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындай мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тойыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

**Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы**



**ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР!**

Туған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына әлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қиындыққа толы құбылыстарын бастан өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлену – кез келген адамның қолына түсе бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мазмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүріңіздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Гариф Мухамедиев**  
**Халима Куштова**  
**Алваш Кадырова**  
**Игилик Калиев**  
**Дуйсенбай Алымбаев**  
**Назигуль Токпаева**  
**Аралбай Куралбаев**  
**Бибиш Есембаева**  
**Демес Кушербай**  
**Балгабай Даяубаев**  
**Джексен Алдияров**

**Рафик Агабеков**  
**Иркимбай Кульчиков**  
**Енсепберген Чалабаев**  
**Озганбай Балмухамедов**  
**Сабытай Динбаев**  
**Амангали Тинейбаев**  
**Курбан Карамурзаев**  
**Нурлыхан Утешов**  
**Шектибай Смадияров**  
**Гульшара Сактаганова**  
**Ондаган Алтанов**



**ЕҢБЕКТЕРІҢІЗГЕ РАХМЕТ!**



**ЕҢБЕКТЕРІҢІЗГЕ РАХМЕТ!**

